

ЖАСТАР ӘЛЕМІ МИР МОЛОДЕЖИ

Академик Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова



Никто не забудет!

Ешкім де ұмытылмайды!

Ғылыми кітапхана ұсынады

Халық ерлігі қай қоғамда, қай идеология кезінде болмасын өшпейді де өлмейді, ол адам баласының жадында ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп өзінің жалғасын таба береді.

Ұлы Жеңіс күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болған жағдайда кеңінен аталуда.

Сіздердің назарларыңызға кітапханаға түскен бірқатар әдебиеттерді ұсынамыз.



Қаһарман Бауыржан Момышұлы: Фотоальбом. — Алматы: Өнер, 2008. — 192 б.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы — XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға.

Бауыржан Момышұлы 1941 жылдың жазында басталған Ұлы Отан соғысына 1945 жылдың көктеміне дейін үзбей қатысып, елімізді фашист басқыншыларынан қорғап қалу жолындағы қан майданды қаһармандықпен қақ жарып өтті! Қарапайым командирден даңқты қолбасшы тұғырына көтерілді.

Халық перзентінің 100 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл фотоальбомда Батырдың тұлғасына көне дүние көмейінен келіп қонған қаһармандық мінез бен оның жайнаған жастық шағы, соғыс алапаты, қан майдан мен Жеңіс тұын қолға ұстаған тарихи кезеңдер, соғыстан соңғы өмірі мен дүниеден өткен соң оралған Қазақстанның Тәуелсіздік рухы архивтік фотосуреттер, деректер мен фотқұжаттар арқылы қамтылған.

(Жалғасы 4 бетте)

Қымбатты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, құрметті әріптестер, студенттер!

Сіздерді Жеңіс Күнімен құттықтаймыз! Ұлы Отан соғысы біздің тарихымыздан ерекше орын алады. Біз соғыстың бар ауырталығын мойнымен көтеріп, шыдамдылық танытып жеңіп шыққан ардагерлерді, тыл еңбеккерлерін есімізде сақтаймыз, оларды құрметтейміз. Болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін күрескен бұл адамдарға қамқорлық жасау — ерқашан мемлекеттік әлеуметтік саясаттың, қоғамдық назардың ортасында болары сөзсіз. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туған еліміз үшін өз өмірлерін және денсаулығын қиған адамдар жөнінде ұмытпауымыз қажет дегенді бірнеше рет атап айтты. Олардың Отаны үшін қиған өмірлері мен ерліктері — жас қазақстандықтар үшін патриотизмнің өшпес үлгісі! Біз қаза болған ерлерді жадымызда сақтаймыз және тірілерді құрметтейміз. Біз ардагерлерімізге және соғыс жылдары тылда еңбек еткендерге алғыс айтамыз. Сіздердің жауынгерлік еңбектеріңіз үшін рахмет, сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір және бақыт тілейміз! Қымбатты ардагерлер және тыл еңбеккерлері, мерекелеріңізбен!

Барлық оқытушыларды, қызметкерлерді және студенттерді Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтаймыз. Бақытына бейбітшілік, табыс тілейміз!

Е. А. Бекетов атындағы ҚарМУ-дың ректоры профессор Е.Қ. Кебеев

Дорогие ветераны Великой Отечественной войны, труженики тыла, уважаемые коллеги, студенты!

Поздравляем вас с Днем Победы! Память о Великой Отечественной войне по праву занимает особое место в нашей истории. Мы помним и чтим ветеранов, тружеников тыла, вынесших на плечах все тяготы войны, выстоявших и победивших. Забота об этих людях, отстоявших мирную жизнь для будущих поколений, всегда в центре государственной социальной политики, общественного внимания. Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев неоднократно отмечал, что мы не должны забывать о людях, которые пожертвовали своей жизнью и здоровьем для родной страны. Их жизнь и подвиг во имя Родины — бессмертный пример патриотизма для молодых казахстанцев! Мы помним павших героев и чтим живых. Мы с благодарностью поздравляем наших ветеранов и тех, кто работал в тяжелые военные годы в тылу. Спасибо за ваш ратный труд, здоровья вам, долголетия и счастья! С праздником, дорогие ветераны и труженики тыла!

Поздравляем с праздником Великой Победы всех преподавателей, сотрудников и студентов. Желаем всем мира, процветания, успехов!

Ректор КарГУ им. академика Е. А. Букетова профессор Е. К. Кубеев

Это радость со слезами на глазах

«Никто не забудет — ничто не забыто» — под этим лозунгом прошел в КарГУ им. Е. А. Букетова месячник оборонно-массовой и военно-патриотической работы, посвященный 64-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне. Два майских праздника — День защитника Отечества и День Победы — в нашем университете на особом счету, потому что в историю КарГУ вписаны имена преподавателей и студентов Учительского института, которые с первым призывом ушли на фронты Великой Отечественной. Многие из них погибли. Теперь на примере своих дедов студенты учатся беречь мир и согласие в нашей многонациональной стране.

В рамках месячника студенты на факультетах подготовили литературно-художественные стенгазеты, в группах прошли кураторские часы на тему: «Казахстанцы в годы ВОВ», а также встречи с участниками войны и тружениками тыла. Библиотека провела на факультетах серию тематических выставок, посвященных великой Победе. А еще после праздников студенты университета и колледжа КарГУ вместе с представителями дебатного клуба и Студенческого парламента КарГУ посетят воинские части. Но са-

мыми запоминающимися для студентов являются, конечно же, встречи с ветеранами. Накануне праздника представители Студенческого парламента вместе с профсоюзным комитетом КарГУ ездили с поздравлениями к ветеранам войны и труда, работавшим раньше в нашем вузе.

В КарГУ ветеранам войны и труда уделяется особое внимание. На сегодняшний день их осталось всего 28 человек: четверо — ветераны войны, двадцать четыре — труженики тыла. Самому старшему из них — доценту Т. Г. Зиборовой — уже 92 года, самому «молодому» — 74. В этом году восемь из них отмечают юбилеи. Это радость, пусть и со слезами на глазах. Руководство университета и сотрудники не забывают о тех, кто посвятил становлению высшего образования в Караганде лучшие свои годы. Ветеранам каждый год предоставляется возможность получить бесплатную медицинскую помощь в санатории-профилактории КарГУ. В этом году социальная помощь была оказана на сумму более 300 тысяч тенге. Ветеранов поздравляют не только в праздники, помнят о них и в будни. Социальная помощь выделяется на приобретение лекарств, лечение, ремонт квартир.

Подарить минуты радости ветеранам старятся и студенты. 7 мая Дворец культуры студентов принимал гостей, увешанных орденами и медалями, свидетельствующими о военных и трудовых подвигах. Для ветеранов звучали песни военных лет, ансамбль «Жаркын» исполнил новую танцевальную композицию «Наурыз». И, конечно же, весь зал встал, когда хор КарГУ начал петь знаменитый гимн «День Победы».

Ни один праздник Победы не обходится без минуты молчания, которой присуща светлая, тонкая грусть о тех, кто «не вернулся из боя». Память сильнее смерти: среди нас нет ни одной семьи, где не помнили бы своего героя. Наши студенты говорят уже не о дедах, а о своих прадедах, павших на полях сражений, но имена героев, а значит, их патриотизм и их нравственные принципы передаются из поколения в поколение.

Тема воинов-победителей будет одной из основных и в 2009-2010 учебном году, когда будет отмечаться не только 65-летие великой Победы, но и 100-летие со дня рождения Героя Советского Союза, писателя Бауржана Момышұлы.

Татьяна ГОЛУБЦОВА

Student news

Парламент работает
в обновленном составе

В конце апреля Студенческий парламент КарГУ начал свою работу в обновленном составе. С 21 апреля по решению внеочередного общего собрания был сформирован депутатский корпус из 16 студентов вместо 30. В Устав парламента были внесены новые положения и дополнения. Произошли изменения и в руководстве парламента. Были переизбраны заместитель председателя, секретарь, председатели и состав постоянных комиссий. На должность заместителя председателя СП был избран Смагулов А. (экономический факультет), на должность секретаря — Жумашева А. (филологический факультет), председателем постоянной комиссии по регламенту, защите прав студентов и поддержке студенческих инициатив стал Ахметханов А. (профессионально-художественный факультет), председателем постоянной комиссии по учебной, научной работе и международному сотрудничеству — Казиз С. (факультет физической культуры и спорта), председателем постоянной комиссии по социально-культурному развитию и пропаганде здорового образа жизни — Бибасаров Д. (физический факультет). По инициативе депутатов СП было принято решение о проведении следующих мероприятий в новом учебном году: будет создана общественная приемная СП, планируется провести фестиваль студентов КарГУ «Біздер — Қазақстанның көпұлтты халқымыз!» — «Мы — многонациональный народ Казахстана!», разработать и подготовить акцию «День самоуправления» на экономическом факультете и факультете иностранных языков, организовать форум студентов КарГУ «Біз — Қазақстанның болашағымыз!».

Информация предоставлена
Студенческим парламентом КарГУ

В будущее — с «Болашаком»!

В конце мая 2009 года стартует новый этап Международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашак». Об этом на встрече со студентами Караганды рассказала Динара Бисеналиева, главный менеджер управления конкурса и научных стажировок. В 2008 году в честь 15-летнего юбилея со дня учреждения стипендии были изменены правила, увеличено количество грантов для технических специальностей, выделены квоты для сельской молодежи, а также учреждены гранты для прохождения научных стажировок. Все эти правила сохраняются и в 2009 году. Ежегодно по стипендии «Болашак» уезжают учиться за границу 3000 казахстанских магистрантов и студентов. Студенты имеют возможность пройти обучение в лучших вузах 32 стран мира. В 2009 году прием документов для поступления на общинных основаниях начинается в мае и продолжится до августа. Затем состоится первый тур, который включает в себя тестирование, собеседование на предмет владения языком обучения и государственным языком, персональное собеседование и психологическое тестирование. На втором этапе, итоги которого будут подведены в феврале, Республиканская комиссия по подготовке кадров за рубежом по итогам изучения личных дел, психологического тестирования, персонального собеседования с претендентами утверждает список кандидатов на обучение по стипендии «Болашак». Для тех студентов, кто поступил на обучение в зарубежном вузе самостоятельно, тестирование на знание государственного языка и психологическое тестирование состоится в июле 2009 года, а уже в сентябре студенты, прошедшие конкурс, приступят к занятиям. Более подробную информацию о прохождении туров конкурса и правилах заполнения конкурсных документов можно получить на сайте www.edu-cip.kz.

Соб. инф.

Ақпараттар тасқыны

7 мамырда Ұлы Жеңістің 64 жылдық мерейтойымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 17 жылдығына арналып университетіміздің дене мәдениеті және спорт факультетінде саптық ән байқауы өтті. Студенттердің әскери-патриоттық және интернационалистік тәрбиесін нығайту, ҚР Қарулы Күштер қызметіне болашақ әскерлерді дайындау, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілетін бұл шара дәстүрлі десе де болады. Төрешілер командаларды сыртқы әскери киім үлгісі, «Жинақтал! Түзел! Тік түр!» пәрмендерін орындау және әскери сәлемдесу, бір қатардан екінші қатарға түру 1-2 саналуы арқылы және орындау тұрып оңға, солға пәрмендерін орындау, саптық адыммен жүру, саптық әндерді орындау, әскери сәлемдесуді бөлім құрамында орындау, бөлімше командирінің әскери шеберліктері арқылы бағаланады. Сондай-ақ байқау барысында Бастапқы әскери дайындық кафедрасының студенттері автомат пен пистолетті бұзып және жинап көрсетті, факультеттің бұлбулы Гүлнұр Белисованың орындауындағы «Сарбаздар» әні орындалды.

Экономика факультетінің экономика-теория кафедрасы Отан қорғаушылар күні 5 кеңейтілген дәрісханада «Отан — елдің анасы» деген тақырыпта кураторлық сағат өткізді. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер бір-бірімен пікір алмасты, туралы бағандар оқылды. Кездесуге арнайы шақырылған тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Валерия Викторовна Козинаның айтқан әңгімелерін жастар ерекше ықыласпен тыңдады.

ҚарМУ-дың баспасөз қызметі

Уроки мужества



Комитет по делам молодежи и газета «Жастар әлемі — Мир молодежи» провели конкурс эссе среди студентов гуманитарных факультетов. Конкурс посвящался 64-летней годовщине Победы в Великой Отечественной войне и Дню защитника Отечества. Наибольшее число работ представили факультет иностранных языков и факультет философии и психологии, участие в конкурсе приняли также студенты исторического факультета. В этом номере нашей газеты мы публикуем выдержки из лучших эссе.

Наши павшие —
как часовые!

Казахстан занимает особое место в истории Великой Отечественной войны. В битвах за независимость советского государства сражались 1 миллион 130 тысяч казахстанцев, здесь сформировались 25 соединений, 50 воинских частей. В Казахстан было эвакуировано 142 предприятия, прибыло 50 тысяч кадровых рабочих. Подвиг бойцов 316-й Панфиловской дивизии известен всему миру. В составе Красной армии казахстанские воины отстаивали Москву, Ленинград, Курск, а в Сталинградской битве участвовало более трети всех казахстанских формирований.

Многим казахстанским девушкам и юношам было присвоено звание Героя Советского Союза, многим из них — посмертно. Один из них — Султан Биржанович Баймагамбетов. Его имя золотыми буквами занесено в списки доблестных защитников Ленинграда. Он совершил бессмертный подвиг, закрыв своим телом амбразуру вражеского дзота, повторив мужественный подвиг А. Матросова. А имена двух славных дочерей казахского народа вписаны золотыми буквами в историю Великой Отечественной войны. Алия Молдагулова была первой казашкой, которая получила звание Героя Советского Союза (посмертно). Она повела в атаку на фашистов свой батальон. Даже будучи смертельно раненой, Алия убила из автомата офицера, ранившего ее. Маншук Маметовой был двадцать один год, когда она совершила свой бесстрашный подвиг. Она осталась совсем одна, но три часа Маншук сдерживала яростные атаки противника. Она погибла, но жители города Невель, за который Маншук отдала свою жизнь, свято чтят память о юной казашкой героине.

Мы не должны забывать ни наших героев, ни тех трудностей, которые пришлось им пережить!

В. КОШКАРЕВА,
студентка кафедры политологии
и социологии факультета философии
и психологии

«Жойылсын жалғыз сөз
соғыс деген»

Соғыс! Осы сөзді естігенде көз алдыма атылған оқ, жарылған бомба мен мина, қанға боялып, жараланған солдат, осынау сұм ажалдан оралар деп өз әкесін, ағасын, бауырын, жолдасын үмітпен сарыла күткен анасы, қарындасы, әпкесі, баласы, сүйген жары келеді. Соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағыт-

талған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған Ұлы Отан соғысын алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Өдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті

Г. УАЛИЕВА
тарих факультетінің 4 курс студенті

Этот день
мы приближали как могли!

В этом году мы празднуем 64-ю годовщину Победы в Великой Отечественной войне.

В День Победы мы воспеваем беспримерный подвиг нашего народа. Поем гимн беспримерному героизму, храбрости, бесстрашию, самоотверженности советских людей, которые все отдали для победы: труд, здоровье, а двадцать миллионов из них — жизнь.

День Победы — это и день скорби, день памяти об этих двадцати миллионах, погибших на фронте, в концентрационных лагерях, на временно оккупированной фашистами территории. День Победы — это суровый урок и грозное предупреждение тем черным силам, которые вынашивают идею новой войны, которая грозит гибелью человечеству.

День Победы — это торжество разума над безумием, это день мира, день надежды на то, что никогда человечество не испытает ужасов войны, что вечный мир восторжествует на нашей чудесной планете, имя которой — Земля.

К. СЕРГАЗИНА,
студентка кафедры политологии
и социологии факультета философии
и психологии

Ешкім де ұмытылмайды,
ештеңе де ұмытылмайды!!!

«Ел ауырын ер көтерер, Жүк ауырын нар көтерер» демекші, еліміздің әрбір бесінші азаматы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған екен. Сұрапыл соғыс жылдары еңбектеген баладан, еңкейген шалға дейін еңбек етті. Ол соғысқа тартылмаған жан некен-саяқ, жақын жанашырының бірі соғыс құрбаны болмаған отбасы жоқ. Сөйтсе де барша әлемнің қуанышы — қанды қырғынның тоқтағаны еді. Өткенге салауат, ендігі қалған ер азаматтар, әйел, бала-шағалар соғыс өртіне шарпылмасын деп тілеген. Соғыс салған жараның көпке дейін өшпейтінін сезе тұрып қуанған.

Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын келін қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады, халқымыздың өмірін қорғады, өзі туған өңірін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, пәк күлкі шашқан баласын қорғады, парасатты данасын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама!

А. ДЕМЕСІНОВА
КА-22 тобының студенті

Цена победы

МУЖЕСТВО! Что означает это слово? Смелость, отвага, отсутствие страха или что-то большее? Задумывались ли вы когда-нибудь над этим? Лично я не раз переосмысливала значение слова «мужество». Порой мужеством представлялась мне сила. Но сейчас я понимаю, что мужество — это не только сила, смелость, отвага, это в первую очередь любовь. Любовь к близким и родным людям, к Родине, Отчизне. Она настолько сильна, что затмевает страх перед опасностями, перед смертью и дает силы для победы, победы в войне.

Да, именно мужество, стойкость и способность к самопожертвованию помогли нашему народу сплотиться и одержать победу в самой страшной, самой кровопролитной войне, начавшейся утром 22 июня 1941 года. Но эта победа досталась слишком дорогой ценой. Сколько людей было убито, сколько умерло от ран, погибло в плену! Каждые 6 секунд в жестокой схватке с врагом погибал один советский солдат. Сотни тысяч женщин не смогли создать семей, не родились миллионы детей. И это лишь часть цены, заплаченной народом, от имени которого поэт-фронтовик Б. Окуджава скажет позднее так: «...нам нужна одна победа — одна на всех, мы за ценой не постоим». Война никого не щадила. Каждый день она отбирала сыновей, дочерей, матерей, отцов, друзей и однополчан. Великая Отечественная война, унесшая жизни 27 миллионов человек, продолжает жить в наших сердцах. Нужно, чтобы наши дети никогда не узнали ужасов войны, но всегда помнили о тех, кто отдал за их будущее свою жизнь, кто завоевал нам Победу.

Д. ГУСЕВА,
студентка группы РН-12 факультета
иностраннных языков

Батылдық дегеніміз не?

Батырлық сөзін естіген кезде әрқайсысымызға бірдей ой, бірдей пікір келуі екіталай. Тіпті әрқайсысымыздық батылдық, ерлік көрсету жайындағы түсінігіміздің сәйкес келмеуі де өбден ықтимал. Кейбіреулер үшін батылдық — үлкен жиын алдында өзін ұстай алып, дұрыс сөйлей білумен шектелсе, кейбіреулер үшін өз-өзін, жақын адамдарын қауіп-қатерден сақтап қалу болса, енді біреулер үшін ол еш нәрседен қорықпау болып келеді. Мүмкін аталғандардың түгелі де нағыз батылдыққа жатар, алайда берілген сөздің мағынасын толығымен ашатынына күмән келтіретіндер де бар шығар. Мәселен, заман жағдайына байланысты батылдық, ерлік, батырлық деген құбылысты түсінудің талабы да, оның санаға деген ықпалы да өзгеше.

Ү. ОМАРОВ,
Каф-31 тобының студенті

Памяти павших
будем достойны?

Я, как и все мои друзья, знакомые, читала еще в школе рассказы о подвигах героев Второй мировой. Все мы повторяли вслед за учителем слова из учебников о том, какие потери понес народ Советского Союза, какой ценой досталась победа в войне. При этом мало кто понимал, о чем шла речь. Это может звучать глупо, за это может быть стыдно, это может вызывать сожаление, но это — реальность, таковы мы — современная молодежь. Мы — те, ради кого умирали настоящие герои, те, кого они называли своим будущим и на кого возлагали огромные надежды. Но в то же время мы — это те, кто погрязает в мире виртуальной реальности, живет новостями о знаменитостях, носит одинаковые джинсы и пьет «пепси». Можем ли мы понять тех, кто умер за нас? Я попыталась сделать это. Я представила себя тем рядовым солдатом, Султаном Баймагамбетовым, который погиб ради спасения своих товарищей, их матерей, жен, детей и, в конечном счете, всей будущей нации. Мне сложно говорить о том, что чувствовал будущий герой, когда решил отдать свою жизнь, но одно остается очевидным: каждый подвиг советских солдат исходил из преданности и любви к Родине и непоколебимого мужества.

А сможем ли мы пойти на подобный подвиг? Обладаем ли мы хоть малой долей отваги тех солдат? Однажды мы долго спорили с друзьями, пытаясь найти ответ на этот вопрос. Один из нас сказал, что на долю каждого поколения выпадают свои трудности, беды и невзгоды. Размышляя над этим в свете темы войны и мужества, я прихожу к выводу, что люди, адаптируясь к современным проблемам, вырабатывают новые качества, и поэтому могут в корне отличаться от предыдущего поколения. Но мне очень хочется верить, что в каждом человеке, независимо от времени, в котором он живет, есть то светлое и безграничное мужество, которое наполняло сердца героев войны.

А. УСЕРБАЕВА,
студентка группы РАП-31
факультета иностранных языков

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында

Тарих — таразы

Соғыс тақырыбына арналған естеліктер, шығармалар, монографиялар, көркем әдебиеттер бүгінде баршылық. Мысалы, бұрынғы Кеңестік Одақ бойынша 1945-1977 жылдар аралығында ғана Ұлы Отан соғысының тарихына арналған 16 мыңдай кітап пен кітапша шыққан, бұлардың жалпы тиражы 700 млн. данадан асқан екен. Жеңістің 50 жылдығына орай (1995 ж.) КСРО-да 30 мыңнан астам кітап, ғылыми еңбек, мақала жарық көрген. Екінші дүниежүзілік соғыс бізден бірте-бірте алыстаған сайын оған деген көзқарас та өзгеруде. Оның себебі — қоғамдағы өзгерістерге сәйкес шындықтардың жаңа беттерінің ашылуы.

Өз кезегінде академик Манаш Қозыбаевтың «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі — Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келеді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі шындығында да Ұлы Отан соғысына қатысты кейбір мәселелерді қайта бағалап, жаңа көзқарастарды қайта қалыптастыруды талап етеді. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы — қазақстандық тарихнаманың кенже қалған саласы. Кеңес мемлекетінің «көзі тірісінде» ресми билік идеологиясы негізінде түсіндірілген бұл соғыс тарихы біз үшін баламасыз тарихқа айналғаны белгілі. Біздің тарихшыларымыз аталмыш тақырыпты өз бетінше зерттеп, ұлттық көзқарас тұрғысынан зерделей бастауы тәуелсіздік кезеңіне тұспа-тұс келеді. Бірақ, қазақ ұлты мен қазақстандықтардың екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты ортақ көзқарасын білдіретін тарихи баға әлі күнге дейін беріле қойған жоқ.

Ұлы Отан соғысының тарихын жазуда билікті идеология біздің назарымызды Отанымыздың тарихындағы қасіретті оқиғалардан аударып екетті. Зерттеушілердің мұрағат қоймаларындағы құпияларға қолы жетпеді, тарихты зерделеуде тандау жасау мен бөлектеушілік үстемдік етті. Қазақ идеологиялық бақылау жағдайында зерттеушілер соғыс тарихының көлеңке жақтарын, сталиндік жүйенің соғыс жағдайын пайдаланып жасаған зұлымдықтарын ашып көрсете алмады.

Соғыс және ондағы қазақстандықтардың үлесі туралы басылымдардың басты кемшілігі — жаңа еңбектерде жеке басқа табынушылық заманы мен тоқырау кезінде қалыптасқан ойлау стереотиптері, зерттеу қағидалары мен әдістерінің орын алуы. Әскери-тарихи еңбектерде соғыстың негативті емес, позитивті тұстарын ғана көрсетуі, жоғарғы басшылыққа жағынып кітап, мақалалардың даяр қалыппен берілуі орын алды. Құрамалардың әскери қимылдары көп жағдайда жеке бөлімше құрамалары арқылы көрсетілді, көрші халықтардың жәрдемі, көмекке берілген күш пен құралдары ескерілмей қала берді. Оларда ұрысты жоспарлаған құжаттарға, жағдайдың өзгеруіне байланысты қабылданған шешімдерге талдау аз жасалды. Сонымен қатар, соғыс кезінде нақты ерлік көрсетіп, көзге түскен кейбір батырларымыздың қаһармандығы мүлдем жазылмады немесе атүсті ғана аталып өтті.

Соғыс тарихнамасында көмескі мәселелердің бірі — ол Кеңес Армиясының ұлттық құрамына байланысты нақты мәліметтің аз болуы. Кейінгі жылдары соғыстың «ақтаңдақ» беттері ашылып, ашық пікірлер айтылуда. Мұндай сәттерде салиқалы пікірлермен қатар жаңсақ ойлар да, тіптен белгілі бір мақсатты көздеген арандатушылық әрекеттер де көрініп қалады. Мысалы, біреулер Ұлы Отан соғысының нәтижесі мен Ұлы Жеңістің маңызын жоққа шығарғысы келеді. Ал мұндай нәрселер жас ұрпақтың санасына күдік салып, күнделікті тұрмыста олардың кейбірі соғыс ардагерлерінің намысына тиетін қылықтарға итермелейді. Бұл әрине, маман зерттеушілерден, сондай-ақ соңғы кезде тарихи тақырыптарға асығыс тұжырым жасай салатын тарихшылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі, соңғы топтағы авторлардың тарихқа да, қоғамдық ой-пікірге де тигізер пайдасына зияны мол екендігін ескерген жөн.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамалар жөнінде тарихшы, академик М. Қозыбаев: «Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық республикаларда ұлттық-әскери құрамалар құрылғандығы белгілі. Алайда, олардың басым көпшілігі соғыста дұрыс пайдаланылмады. Ал кейбір ат-

ты әскери құрамалар танкілерге қарсы шығып, жауған оқтың астында бірден жоқ боп кетті. Бұл бір жағынан халқымызға көрсетілген сенімсіздік болса, екінші жағынан тағдыр салған зобалаң еді. Өйткені мұндай әскери құрамаларға жаңа ғана өндірілген өсіп жетіле бастаған зиялы қауымның өкілдері алынғанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ сахарасынан 1 миллион 900 мың адам әскери және еңбек майданына мобилизацияланды. Бұл халықтардың төрттен бірі еді», — деп жазған болатын.

1941-1945 жылдар аралығында Қазақстанда 12 атқыштар мен 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы мен 5 жеке полк және әртүрлі әскер түрлерінің батальондары құрылған. Оның ішінде 3 атты әскер дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы ұлттық құрамалар ретінде құрылды. Негізінде олар еріктілер қатарынан жасақталып, майданға кеткенше республика бюджеті мен халық жарнасынан қамтамасыз етілді. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түрде әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілді. Ұлттық құрамаларды жасақтау туралы бастаманы соғыстың алғашқы қатерлі кезеңінде одақтас республикалар халық комиссарияттары көтерген болатын. Осыған орай, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылғы 13 қарашадағы қаулысы қабылданған еді.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Сол кезде біздің республика елдің жұмылдыру орталығы болды десек, артық айтпаған боламыз» деп атап өтуі нақты шындық екендігін айғақтай түр. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 1 миллион 370 мың қазақстандық қатысты. Олардың көпшілігі запастағы офицерлер мен әскери училищелерді бітірген Қазақстан азаматтары екендігін айрықша атап өту керек.

Кейінгі деректерге сүйенсек, соғыс қимылы біздің жерде өтпесе де, 1938-1945 жылдары сол кездегі Қазақстан халқының 1366 000 мың адамы армия қатарына шақырылыпты, яғни республика халқының 21,2 пайызы. Бұл көрсеткіш әлемдік тәжірибеде жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Тіпті, соғыстың негізгі ұйымдастырушысы болған фашистік Германия тоталдық мобилизация жүргізген кездің өзінде әскери іске 12 пайыз халқы-

тартқан екен. Соғысқа қатысқан 601011 мың қазақстандық азамат опат болған немесе 11,2 пайызы. Бұл тізімде Атырау облысының Махамбет ауданы және Жамбыл облысының алты ауданы тұрғындардың мәліметтері жоқ. Соғыс жылдары туу 592 мың адамға азайды, сонымен жалпы адам шығыны 1202000-ға жетті. Көрсеткіш бұрынғы Кеңес мемлекеттері бойынша тек Ресейден кейінгі орынды алады. Әрине, бұл соғысқа тартылған 35 млн. халықтың ішінде орыс ұлты Кеңес Армиясының негізгі ядросын құрды. Солармен иық тіресе соғысқандардың ішінде 4,4 млн. украиндықтар, 1 млн. белорусь халықтары болды...

Осы көрсеткіштерге қарап «қазақ неге көп өлген?» деген сауал туындайды. Бұл жайында зерттеуші З. Темірғалиұлы өз ойын былай білдіреді: біріншіден, соғыс басталған алғашқы кезде қазақтарды еш дайындықсыз Семейдің ет комбинатына союға айдаған малға ұқсатып топ-тобымен соғыс майданына топырлатты (сол кездегі аудандағы әскери комиссариятта қызмет істейтіндер орыс ұлтының өкілдері болды). Екіншіден, әсіресе ауылдық жерлерде туып-өскен жастарымыз орыс тілін білмейтіндіктен орыс командирлерінің командасына түсінбеді және әскери дайындықтары жоқтықтың салдарынан бостан-босқа арыстанның аузына өз еркімен барып түскен аңдардай қырылып кетті. Үшіншіден, баяғы патша заманынан бойларына сіңген өктемдікпен офицерлер қазақтарды соғыстың ең ауыр, ең қиын шебіне жұмсап отырды. Төртіншіден, сол кездегі кеңестік патриоттық идеологиямен ұлан-ғасар жастарымыз өлген-тірілгендеріне қарамай, «Отан үшін, Сталин үшін» деп бостан-босқа соғыс құрбандары болып жатты, — дейді.

(Жалғасы бар)

Қ. С. ӨСКЕМБАЕВ
Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі,
Т.Ф. К., доцент

«Жайықтың ерке толқындары ғана баяғы қалпында»

«Е, ер азамат етігімен қан кешіп, арғымақ ат ауыздығымен су ішкен алмағайып заманды да көрдік. Кеңес Одағына ашық күнде жай түскендей әсер еткен екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамның жүрегіне жазылмас жара салып кетті. Отқа оранған сол бір зұлмат жылдарда мұз жастанып, қан жұтқан жауынгерлер жанын шүберекке түйіп, Отан үшін отқа түсті. Қара жамылған әйел, төнгіреген жетім, елге жарымжан оралған ер азамат... Иә, 4 жылғы тақсирет талай тағдырдың өміріне балта шапты. Арада сырғып күндер, жылжып жылдар өтті. Тарихи өлшеммен алғанда 64 жыл аз уақыт емес. Қайғы-мұң, жан арпалысы, өлім мен өмір, астаң-кестең шыққан дүние замандастарымыз әлі көз алдында. Ескі жара күні бүгінге шейін ардагерлердің жанын сыздатады. «Мәңгілік алау» лаулап жанып тұрғанда ел есінен ерлердің есімі өшпейді. Төсін оққа тосқан батырлардың ерен ерлігі — ұрпаққа ұран. Қалқам, сендер бақыттысыңдар. Атыс-шабыстың не екенін көрмей өстіңдер. Тыныштықтың тал бесігі тербелген бұл заман ұзағынан сүйіндіргей. Қан сасыған соғысты кім жақсы көреді?... «Жау жоқ деме, жар астында» деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген ата-бабаларымыз ат үстінде жүріп-ақ елін-жерін найзағай ұшымен, жебенің күшімен қорғап қалған», — деп әңгімесін әріден бастаған Ғайша әже бір сөз үнсіз қалды. Мен де ол кісі не айтар екен деп телефон тұтқасын құлағымға тақай түстім. «Қызым, қандай сұрағың бар? Дауысың анық естілмейді, қаттырақ сөйле», — деді. Неден бастасам екен? Ойымды жинақтап алу үшін қолымдағы қойын кітапшамға үңілдім...

— **«Сұрапыл соғыс соқты да бұзды». Соғыс оты шарпыған 1941 жыл қазаққа да қайғы болып жабысты. Соғыс, соғыс... Жайма-шуақ жаз сол жылы өдеттен тыс қаһарланып, жер беті қара бұлттың көлеңкесінде тұмшаланып қалды. Жүрегің үрей билеген жұрт аза тұтты. Қаймағы бұзылмаған қазақ даласы күңіреніп, сұрықсыз кейіпке енді. Ол кезде сіз небары 18 жасқа қадам басқан аулжыған бойжеткен екенсіз. Өткен күндер өзек өртер екіншіше толы болса да сол жылдарға оралсақ.**

— Музыкалық мектепте оқып жүргенмін. Демалысқа шығып, үйге барып демалам деп жүр едім. Бір-ақ күнде бәрі өзгеріп сала берді. Ел ішіне тараған «Соғыс басталды» деген суық сөзден есеңгіреп, ес жия алмай қалдым. Жаспыз ғой, естігенімізге сенуге қорықтық. Шындыққа шынайы көзбен қарауға жүрексіндік. Сумандаған суық ойдан денем мұздап, қалтырады. Жайдары күлкімді жұтқан айдаһарды қарғадым! Күн өткен сайын қаралы хабарға көндіге бастадық. Құр сүлдерімді сүйретіп үйге өзгер жеттім. Өкем де майданға аттанғалы жатыр екен. Өкешімнің мойнына асылып, тістеніп тұрдым. Көмекейіме жас тығылса да жыламадым. «Жау бізді мұқалта алмайды. Өкем елге аман-есен оралады. Әлі-ақ арайлап таң атады» деп өз-өзімді жұбатқаным есімде. Қарбалас шақта қарап қалмай бірден мектепке жұмысқа орналастым. Музыка мен математикадан сабақ бердім. Қаны қайнап, көңілі қарайған ауыл тұрғындарының жанын жадырату

үшін концерттер ұйымдастыратынбыз. Ауыр күндерді осылай жеңуге тырыстық. Қайғы жұтып, зар еңіреген елге ән саламыз деп қиналдык. Ішіміз жылап тұрса да жамағатты желпіндіретін, бойына қуат құятын әндерді көп шырқаушы едік.

— **Тылда жұмыс істедіңіз бе?**
— Ол уақта қол қусырып отырған жан болмады. Бала-шағадан бастап, көрі-құртанға шейін жұмысқа жегілді. Таң атқаннан кеш батқанша бел жазбаған оларға «бәрі Отан үшін, бәрі майдан үшін» деп ұрандатқан сөз күш берді. Балаларды ертіп масақ теруге баратынбыз. Біздің жақтың табиғаты тамаша ғой. Жасыл желекке оранған ну орманнан пана таптық. Азық-түліктен тарығып, ашыққан кезде Жайықтың тайдай тұлаған балығымен жан сақтадық.

— **«Жауды жеңді» деген сүйінші хабарды естіген сәтте қандай күйді бастан кештіңіз?**
— Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Көзімізге жас алдық, кеудемізді көре көң тыныстадық. Балалар айғайлап, бас кйімдерін аспанға лақтырды. Қыздардың бет-жүзіне қайтадан күлкі үйірілді. Аналарымыз бір-бірін құшақтап, жылап-көрісті. Қарттарымыз қаһарлы қыстан соң жалайрап жаз келетінін білгендей бұл-бұл жанған балақайлардың маңдайынан иіскеп, «тәубе» деген сөзді қайталаумен болды. Қызыл шүберекті әрлі-берлі бұлғап, жалау қылып желбіреттік. Радио күндіз-түні дамыл таппай сайрап тұрды. «Жеңіс! Отанымыз жаудан азат етілді!...». Осы санқылдаған дауысты естіген сайын шаттандық. Қайта-қайта тыңдай бердік. Мамырдың 12 күні өкеммен қайта қауыштым.

— **Ақжайықтың қызы Сарыарқа төсіне қалай келді?**

— Айтайын, соғыс біткен соң ес жиып, айналамызға қарай бастадық. Ойлана келе әрі қарай оқу керек деп шештім. Сөйтіп 1946 жылы арман қала Алматыға жол тарттым. Қиын-қыстау жылдарға қарамастан Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің екінші хатшысы Жұмабай Шахметовтың тікелей басшылығымен Қыздар педагогикалық институты ашылған екен. Физика-математика факультетіне құжаттарымыз тапсырып, оқуға түстім. Сабақты өте жақсы оқыдым. 1947 жылы мені Сталин атындағы стипендияға ұсынды. Сол жылдың қысқы демалысында Семейдегі апайыма бардым. Алматыға оралғанға группаластарым қол бұлғап қарсы алды. Пойыздан түскен бетте бірінен соң бірі құшақтап аяғымды жерге тигізбеді. Мұның бәрі ненің құрметіне екенін әуелінде ұға алмадым. Сөйтсем, Сталин атындағы стипендияның иегері атаныппын. Достарымың мен үшін қуанғанын көргенде өзімді бақытты сезіндім. 800 рубль — ол кезде әжептәур ақша. Сталиннің атына бір топ студент алғысхат жазды. Қыздар педагогикалық институтының сол кездегі ректоры Тұрсын Мырзабаева мені Жұмабай Шахметовке ертіп апарып, «ЖенПИ-дің бірінші стипендиясының иегері» деп таныстырған-ды. Оқу бітіріп, қолыма қызыл диплом алғанда жоғары жақ «Қарағандыға барасың» деді. «Партия қайда жіберсе, сонда барамын» деп Орталық Қазақстанға аттанып кеттім. 1950 жылдан 1978 жылға дейін бір жерде ұстаз-

дық қызмет еттім. Киелі шаңырақ — ҚарМУ-дың қайнаған қазанында пісіп-жетілдім.

— **Жастарға айтар ақилыңыз?**
— Адалдық, білімге деген ынтықтық жастарымыздың бойынан табылса деймін. Ұлтқа, тілге деген құрметті ұмытпаса. Өкінішке орай, өз тілін, ұлтынан жерінен ұл-қыздарымыз басқаның сойылын соғып жүр ғой. Қалқам, көзің қазақы ортада тәлім-тәрбие алған баласың ба?
— **Қасиетті Қарқаралы, Қасым дүниеге келген жердің ауасымен тыныстаған дала баласымын.**
— Онда тілдің қадірін білесің. Мен Мағжан мен Қасым екеуін қатар қоямын. Бірді айтып, бірге кеттім-ау деймін. Жаңағы сұрағыңа қайтып оралсақ, жастарымыз көпшіл болса екен. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегенді естен шығармау керек.

— **Сізді не толғандырады?**
— Болашақ, ертеңгі күннің беталысы. Біз бейқам, момын, қонақжай халықпыз. «Бейқамның жауы қасында» дейді. Осы тұрасында көп ойланамын. «Шекара берік болмай, елде ерік болмайды» Сақтық шараларын мықтап алға алу қажет. Арқа сүйер азаматтарымыз Отан алдындағы борышын ұмытпаса екен. Ойға батқан сайын сансыз сұраққа жауап іздеймін. Мәселен, сырттай оқитын студенттердің білімі қандай деңгейде? Білмеймін, ақылы бөлімде білім нәрімен сусындып жүргендерді де түсіне алмаймын. Біздің кезімізде бәрі басқаша еді... Бүгінде адамдарда жан жылулығы аз. Ақжайықтың ақыны Хамза Есенжановтың мына бір өлең жолдары рухани құндылықтан дүние-мүлкіті жоғары қоятын пенделердің санасына сауле сепсе:

«Ей, пәнделер, көзіңді ашып қарашы,
Алыс емес тал бесік пен тар бесіктің арасы.
Қас-қағымдай мына қысқа өмірде,
Бір-біріңе ғашық көзбен қарашы».

— **Әйел бақыты дегенді қалай түсінесіз?**
— Әйел бақыты — ұрпақ. Бала емізіп, бесік тербету — ең үлкен бақыт. Қазір заман өзгерді дейміз. Жоқ, заман емес, адамдардың пиғылы өзгерді. Ана болудан өзгесінің бәрі уақытша, алдамшы, жалған. Өзің де осыны есіңде ұста, қарғам.

— **Жаужүрек батыр Бауыржан Момышұлы: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немересіне ертеке айттып беретін әжелердің азауынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», — деген екен.**

— Аты аңызға айналған Қобыланды, Бөгенбайлардың тұяғы — Баукенді өмірде көрдім. Ол кісінің айтқан әр сөзі бүгінде шындыққа айналып отыр. Келешекті болжап, болжам айту — кемеңгерлік. «Жалын» журналына қазақтың батыр ұлы туралы көптеген материалдар шығып тұрады. Кеңес Одағының ықпалына жығылмай өзін Момышұлы деп мойындатқан Бауыржан ағанымыз мына батасын берген жерімде аузымнан астамай айтып жүремін:



«...Тілегімізді қабыл ет, Иманымызды көміл ет. Тозақтың отынан сақта, Қаңғыған оқтан сақта. Парақор соттан сақта...»
— **Өмірге өкпеңіз жоқ па?**
— «Өкінем, өкпелеме бүгінгіге, Бұл өмір болмайды өкпелеуге» дейді ғой. Бұл жалғанға ренішім жоқ.

— **Кіндік қаныңыз тамған жерге деген сағынышыңыз сарқылды ма?**

— Әй, баламысың деген. Жастар, қартайған шақта адам бәрін ұмытады деп ойлайды. Қайта керісінше сияқты. Жас ұлғайған сайын өткен күндер тізбегі көз алдына көлбеңдеп келе береді. Туып-өскен жерге деген махаббат қайтадан оянып, ауылдың жұпар аңқыған ауасымен тыныстауды армандайды екенсің. Ақжайыққа 2004 жылы барып қайттым. Сол елді мекен, бірақ бәрі өзгерген, өзгеше түрленген. Жайықтың ерке толқындары ғана баяғы қалпында. Бір-бірін қуған бұйра толқындарға қарап тұрып көзіме жас алдым.

— **Әже, сізге сексіз алғыс білдіреміз. Өзіңіздей аналар аман болса, қазақтың шаңырағы шайқалмайды. Деніңізге саулық тілейміз!**

— Өздеріңе де рахмет! Мен ҚарМУ-ден кеткенді қай заман? Арада 31 жыл өтті. Ұмытпай мерейлі Жеңіс күнімен құттықтап, сұхбат алып отырсыздар. Гүлнәр қалқам, журналист — ел аманатын арқалап жүрген жан. Қаламың мұқалмасын, әр мақалалық халықтың үні естіліп тұрсын! Аман бол, қарғам!

— **Айтқаныңыз келсін! Сау болыңыз!**

P.S.: Дың, дың, дың... Телефон тұтқасын қойып, сағатыма қарадым. Әжеймен тура бір жарым сағат әңгімелесіппін. Жағымды дауыс құлағымға әлі күмбірлеп естіліп тұр... Ғайша Кенжеғалиқызы Қаратаева үш баланың анасы, сүйікті әже. Жоғары білім алған ұл-қыздары бүгінде елге қызмет етіп жүр. 85 жастағы ақ жаулықты кейуана кенже қызы Мираның қолында тұрады екен. «Соның шайын қайнатып, есігін ашып отырмын», — дейді азиз ана. «Қарт адамның қайраты — тілінде». Иә, әр сөзі алтынға бергісіз әжейдің айтқандары менің жаным нұр шашты. «Кәрінің сөзін қапқа сал». Бұл сөзді атам қазақ жайдан-жай айтпағанына тағы да көзім жетті.

Г. МАХАН

Өткенге оралу немесе Мәншүк жайлы естеліктер

Лобода көшесі, 22 үй...

Сіздерге бұл мекен-жай онша әсер етіп, елең еткізбеуі әбден мүмкін. Себебі, Қарағандыда не көп — көше, не көп — үй... Бірақ бұл үйде Кеңес Одағының Батыры атанған Шығыстың шынары Мәншүк Ахметқызы Мәметованың немере сіңілісі — жасы сексеннің сеңгірінен асқан Ханшайым әжей тұрып жатқанын біреу білер, біреу білмес.

Жүгіре басып есігінің алдына бардым. Қоңырау түймесін басуға жүрегім дауалар емес. Дегенмен де. Мен...

Қазір кіргенде амандасамын, сосын хал-жағдайын сұраймын, сосын Мәншүк Мәметова жайлы естеліктер. Егер ол кісінің қабағы қатұлы болып, мені бірінші курста оқиды деп елемесе ше?! Жок, неде болса кіріп сөйлесемін! Дегенмен мен үшін бұл кездесу,

сұхбаттасу оңайға соқпасы сөзсіз... Аллама сыйындым да түймені бастым. Көп ұзамай есікті бір ағай ашып, «Здравствуйте, Вы к моей маме? Проходите. Мама, пришла журналистка!» — деп дауысын жоғарылатып айтты да, басқа бөлмеге еніп кетті. Күлкім келіп тұр. Шешіндім де әжей отырған жаққа бет алдым. Қарсы алдымда жүзі жылы, көздері күлім қаққан апа: «Кір, айналайын! Қалың жақсы ма? Сенің есімің Гүлсаян ғой», — деп құдды бір мені баяғыдан танитын адамдарша сөйлесіп жатыр. Бойымдағы үрей-қорқыныш атаулы зым-зия жоғалып, өзімді еркін сезіне бастадым.

Көктемнің жайма-шуақ күніндей елжіреген күйі Ханшайым әжей майда қоңыр дауысымен әңгімесін бастап кетті... Кенет, алыста артта қалған сонау сұрапыл жылдар көз алдына елестеп кетті ме, кім білсін?! Жанарына ой тұнып, жүзі мұңға батып, ұзақ ойланyp қалды. Иә, сол жылдардың оқиғасы өмірден өткенімен, көңілден мәңгі бақи өшпесіне көзім жетті.

Ханшайым Мақсұтқызының балалық шағы да, жастық кезеңі де Әмина Сүлейменқызы Мәметованың отбасында өтіпті. Әкесі Мақсұттың бір әпкесі, бір қарындасы болған екен. Үлкені — Әмина, кішісі Жауһар. «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова — Әмина апайдың қызы. Ал, мен сол Әмина апайдың жалғыз інісі — Мақсұттан туамын», — деп әжей күле жауап берді.

Әкесі ауыл-селода жұмыс істейді де, кішкентай қызын «оқысын» деген ниетпен Әмина апайдың қолына береді. Сөйтіп сіңілісі Дина екеуі Мәншүкпен бірге тәрбиеленіп, бірге білім алады. «Мен өмірде, — дейді апай, — қандай бір табысқа жетейін, мұның Әмина апай мен Мәншүктің арқасы. Мен олардан көп нәрсені үйреніп, көп нәрсені білдім. Тіпті осы филология факультетіне



Немере әпкесі М. Мәметовамен бірге

оқуға түсуім — Мәншүктің айтуымен еді». Әжейдің айтуынша, Мәншүктің бойындағы асыл қасиеттер әкесі Ахмет пен анасы Әминадан дарыған екен. Себебі ол кісілер Саратов университетін бітірген, бірі — дәрігер, бірі — мұғалім.

Р. С.: Мәншүкпен бірге Әмина апайдың тәрбиесін көріп өскен әжейдің айтқан естеліктерін еш өзгеріссіз өздеріңізге жариялап отырмын.

«Менің балалық шағым да, мектептегі кезең де осы үйде өтті. Өлі күнге есімде, Мәншүк екеуіміз «Буревестник» деген спорт клубының парадына қатысатынбыз. Менің кітап оқуыма құштарлығымды Мәншүк оятты. Оның көркем әдебиет оқымайтын күні болмайтын. Пікір таластырып қалатынбыз, сол кезде Әмина апай әңгімемізге араласатын. Сабақ дайындауға Мәншүк ерекше жауапкершілікпен қарайтын. Өзі үстелдің бір жағына жайғасып, ал мені қарама-қарсы отырғызып қойып оқытатын. Өрине, ол уақта бүгінгідей жоғары вольтті электр қуаты жоқ. Шам жанғандағы бірінші ісіміз осы сабақ оқу болатын. Күнделікті сабағымды да өзі қадағалаушы еді. Алғашқы кезде мұндай тәртіпке үйренісе алмай жүрдім. Бір күні мені қасына шақырып алып, «Сабаққа

дайындалуды жұмыс істеу деп түсіну керек. Бұл сенің ертеңгі өміріңнің бастамасы, негізі» — деп қатты ренжіген-ді. Мәншүктің бойында мен қызығатын екі түрлі қасиет бартын. Ол киімін қалай болса солай кимейтін, мұнтаздай, тап-таза болып жүретін. Мен оған қатты қызығатынмын. Тағы бір қасиеті — айтқан нәрсені дер кезінде орындайтын. Мәншүк барынша пысық, тиянақты болды. Жайбырақат жүрмейтін, үнемі мектептің қоғамдық жұмыстарының бел ортасында көретінбіз. Кейде үйге достары келгенде Мәншүкті олардан қызғанып та қалатын кездерім болушы еді» — деп әжем раттанна күліп алды.

Ханшайым әжей Мәншүктің соғысқа өзі сұранып кеткенін Қарсақбайда оқып жүргенде естиді. Мәншүк ол кезде медицина институтының 1 курсына оқыпты. Ешкімге айтпастан қалалық әскери комиссариатқа барып, майданға сұранып, эшолонның жүруіне бір сағат уақыт қалғанда ғана әжесі Мәдинаға айтып, бетінен сүйіп, үйден жүгіре басып шығып кетеді. Бұл 1942 жылдың жазы болатын.

(Жалғасы бар)

Гүлсаян АЯНҚЫЗЫ



Ғылыми кітапхана ұсынады

(Жалғасы. Басы 1 бетте)



Жұмағалиев, Б. Қазақтар Ленинград майданында /Б. Жұмағалиев. — Астана: Елорда, 2005. — 180 б.

Ұлы Отан соғысының тарихында ерекше орын алатын Ленинград шайқасының жеңіспен аяқталғанына 60 жыл толды. Нева жағасындағы ұлы қала от пен оқтың арасында 900 күн болған-ды. Оның қорғаушылары аштықтың да, қатал соғыстың да азабын бастан кешірді, бірақ берілмеді. Ерліктің, қайсарлықтың бұрынсоңды болмаған үлгісін көрсетті, жүз бүктеліп, арқыраған арыстандай алысты.

Осындай, жан алысып, жан беріскен айқасқа қазақтар да қатысты. Білек түріп, кеуде тосып қаһармандық көрсетті. Солардың қақ ортасында жүрген, сол кездегі майдан шебіндегі тілші, соғыстан кейін белгілі партия қайраткері болған запастағы полковник, бұл күндері 80-нің сеңгіріндегі Бисен Жұмағалиевтің жазбалары жайлы кітапта сөз болады.

Оқу құралы студенттердің, магистранттардың, аспиранттардың экономика мен әлеуметтік реттеудегі және дамудағы ғылыми ізденістеріне арналған.



Іңірбайұлы, Е. Он сегізде от кешкендер /Е. Іңірбайұлы. — Алматы: Үш Қиян, 2002. — 184 б.

Маңғыстау өңірінің соғыс жылдарындағы бедер бейнесін 30-жылдар аласапыранынан бөле-жарып қарастыру сыңаржақ дүние болып шығар еді. Өйткені бұл өлкеге соғыс салған сойқан көріністер өзінен бұрын он жыл ішінде кеңестік кер саясат салдарынан туындаған сан алуан оқиғалармен сабақтасып жатыр.

Соғыс жылдарындағы жанкешті еңбек, тіршілік үшін тынымсыз күрес қан майданнан кем соқпағанын кітап бөлімдерін парақтаған сайын тереңірек сезіне түсесің.

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде Маңғыстау елінің атадан-балаға жалғасып келе жатқан қасиеттерді бәрінен де жоғары ұстай білгендігіне тағы бір рет тәнті болдық.

Бұл еңбек бүгінгі таңда дәл осындай өнегелік мұраттарымен де құнды.

Қасымов, Б. Қазақстанның қыздары — Ұлы Отан соғысы жылдарында /Б. Қасымов. — Астана: АкПол, 2005. — 371 б.


Ұлы Отан соғысы кезіндегі әйелдердің ерлік дәстүрлері бүгінгі ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуге, өз Отанын шексіз сүйуге, адал қызмет етуге үлгі боларлықтай. Отанымыздың өткен тарихының, оның ерлік шежіресінің тәрбиелік мәні зор. Тарихи оқиғалардан құралған Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы Қазақстан әйелдерінің ерлік шежіресінен сыр шертетін бұл кітап жас ұрпаққа арналған.



Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев: естеліктер. — Алматы: Жібек жолы, 2005. — 216 б.

Қазақ халқының маңдайына біткен парасат-пайымы терең өр тұлғалы ұлдары мен қыздары аз болмаған. Халқы үшін қасықтай қанын, елі үшін шыбындай жанын берген батырлары қаншама. Солардың бірі әрі бірегейі — Ұлы Отан соғысы кезінде рейхстагқа бірінші болып Жеңіс жалауын тіккен Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, аты аңызға айналған халық батыры Рақымжан Қошқарбаев. Халқының аяулы ұлы Р. Қошқарбаевтың 80 жылдығына арнап оның көзін көрген, майдандас болған достары мен еліміздің айтулы зиялылары жазған естеліктер кітап етіп шығарылып отыр.

Сондай-ақ кітапқа Жеңіс күнін жақындатуға аянбай атсалысқан батыр Қажымұқан бабамыздың тарихи өмірінен үзінді енгізілген.



Региональная студенческая газета «Жастар әлемі — Мир молодежи» № 7(128) 08.05.2009
Собственник: КарГУ им. академика Е.А. Букетова
Учредитель: Региональный Совет ректоров вузов Центрального Казахстана
Главный редактор: Т.А. Голубцова

Регистрационное свидетельство №1450-Г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК 21.08.2000 г.
Отпечатано в типографии «Печатный двор», г. Караганда, ул. Пичугина, 255а. Объем: 2 п. л.
Периодичность: 2 раза в месяц Тираж: 1000 экз.

Адрес редакции: г. Караганда, ул. Университетская, 28, ДКС. Тел. 74-40-28.
Газета подготовлена к печати в компьютерном центре редакции газеты «Жастар әлемі — Мир молодежи»
Для студентов КарГУ им. академика Е.А. Букетова распространяется бесплатно